

**Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай
2022 жылғы 5-16 қыркүйек аралығында
"Зеренді ауылының №1 ЖОББМ" КММ-де өткізілген онкүндіктің есебі .**

Ана тілім, дана тілім, бақ тілім,
Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?
Сенсің менің қуанышым, шаттығым,
Сенсің менің тазалығым, пәктігім.

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс, себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе.

2022 жылғы 5-16 қыркүйек аралығында Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай жоспар бойынша онкүндік өтті.

Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай 2022 жылғы 5-16 қыркүйек аралығында

"Зеренді ауылының №1 ЖОББМ" КММ-де өткізілетін онкүндік жоспары.

№	Іс-шаралар	мерзімі	сынып	жауаптылар
1	«Ахмет және тіл тағылымы» атты онкүндіктің ашылуы.	5-қыркүйек	1-11 сынып	А.К. Баймухамбетова А.К Амирова С.С Костанова
2	«Ахмет бізбен!» викторина.	6 -15 қыркүйек	1-11 сынып	Ф. Ж Әміржан А.М Бекенова Г.А Сыздыкова А.С Курмангожина Б.А Рақымжан
3	«Дәуірдің жарық жұлдызы» атты Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған кітап көрмесі.	5-қыркүйек	кітапханашылар	Б.Д Сулаймонова Т.В Жанашева
4	Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған бейнесабақтар.	5-16 қыркүйек	5-11 сынып	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих пәндерінің мұғалімдері.
5	«Ахмет -ұлт ұстазы» тақырыбына эссе жазу.	8-қыркүйек	9,10,11-қазақ тілді және орыс тілді оқыту сыныптары	А.Ж Каиржан А.С Махамбетова А.С Курмангожина
	«Ахмет тіл білімінің атасы» саяхат сабағы.	9-қыркүйек	2 «А» сынып	Б.И. Хамзина

6	Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай педагог-филологтардың қатысуымен өтетін «Ұлы педагог» атты дөңгелек үстел.	12-қыркүйек	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих пән мұғалімдері.	А.К Амирова С.С Костанова А.Е Курмангожина
7	«Әркімнің туған тілі -туған шеше, оған бала міндетті сан мың есе» тақырыбында қабырға газеттері сайысы.	12-қыркүйек	5,6-сынып	Сынып жетекшілер
8	«Ұлылықтың отын жаққан шырақшы» атты әдеби кеш.	13-қыркүйек	10-11 сынып (орыс тілді)	А.Б Тасенова Б.К Катенова
9	«Орта жүздің бас биі- Қаз дауысты Қазыбек би» тақырыбында көркемсөз сағаты.	13-қыркүйек	10-11 сынып	Қ.Ш Курмангожин Б. А Рақымжан
10	Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай «Өнегелі өмір» атты дөңгелек үстел.	14-қыркүйек	8-9 сынып	К.С Абдильманова С.С Костанова
11	«Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» атты әдеби кеш.	14-қыркүйек	10,11-сынып (қазақ тілді)	К.С Абдильманова
11	«Ауылым-алтын бесігім» бастауыш сынып оқушылары арасында сурет байқауы.	14-қыркүйек	2-4 -қазақ тілді және орыс тілді оқыту сыныптары.	К.Д Мукажанова
12	БАҚ бетіне мақалалар жариялау.	5-16-қыркүйек	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдері.	В.А Тасбулатова А.Ж Каиржан С.С Костанова
13	«Бала тілі бал» онлайн мәнерлеп оқу байқауы.	15-қыркүйек	2-4 сынып	М.Ж Касымова
14	«Ахмет Байтұрсынов өлең сөздің патшасы» атты мәнерлеп оқу сайысы.	15-қыркүйек	5-8-сынып	А.М Бекенова С.С Костанова
15	Қазақстан халқының Тілдері күні мерекесіне орай өткізілген он күндіктің жабылу салтанаты.	16-қыркүйек	1-11 сынып	Ф.Ж Әміржан Ж.Ж Нурсейтова

Бұл апталықта іс-шаралар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді. Аталмыш апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты.

Дүйсенбі күні «Ахмет және тіл тағылымын» атты апталықтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Жиында сөз алған мектеп директоры А.Д Такетов тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі мәртебелі де тұрақты болып, өрістеп дамуына үлес қосу-жас жеткіншектердің жауапкершілігінде болатын міндет екендігіне тоқталып, ана тіліміздің мерейлі мерекесімен құттықтады.

Тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілген жылдар ішінде елдің бірлігі артқандай. Елімізде ұлтымыздың ұлы тілімен қатар әлемдік тілдердің де құндылығы жоғары. Қазақ

балаларының өзге тілді меңгергеніне қуанып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілінде сөйлеп, білім алып жатқанын көргенде, бір жасап қаламыз. Ұстаздар қауымының басты міндеті- шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру. Осы мақсатта мектебіміздің пән мұғалімдері Ф.Әміржан, А.М Бекенова, Г.А Сыздыкова, А.С Курмангожина, Б.А Рақымжан «Ахмет бізбен!» атты викторинаны 5-15 қыркүйек аралығында өткізді.



5-қыркүйек мектеп кітапханашылары «Дәуірдің жарық жұлдызы» атты Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар көрмесін 1-ші қабатта ұйымдастырды, бұл көрмені қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ӘБ мұғалімдері басқа да ақпараттармен фото суреттермен толықтырды.



Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған бейнесабақты орыс тілі мен әдебиет мұғалімі Тасболатова Вазифа Ахметовна түсірді.

8-қыркүйек күні 9-11-оқытуы қазақ тілді, орыс тілді сыныптары аралығында «Ахмет- ұлт ұстазы» атты эссе байқауын А.Ж Каиржан, А.С Махамбетова, А.С Курмангожина өткізді.

Байқаудың мақсаты:

Оқушыларға ақын өмірін үлгі ете отырып, өз елін сүйюге үлес қосуға тәрбиелеу.

Оқушылардың сауаттылығын арттыру мақсатында ой- өрістерін дамыту.

Байқауға қатысушылар тақырыпты және негізгі идеяны ұстанып, одан ауытқымай қажетсіз мәліметтерден аулақ бола білді. Сөзбайлықтары мен сөзсаптау шеберліктерін көрсете алды. Сонымен қатар, деректер мен зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып жазған.

Эссе байқауының қорытындысы бойынша қазақ тілінде оқытылатын оқушылар арасында

I орын 10 «А» сынып оқушысы Бектас Сабина,

II орын 10 «А» сынып оқушысы Абдильманова Назерке,

III орын 10 «А» сынып оқушысы Сулейменова Аружан.

Орыс тілінде оқытылатын оқушылар арасында

I орын 11 «Б» сынып оқушысы Барышникова Екатерина,

II орын 11 «Б» сынып оқушысы Шкурихина Екатерина,

III орын 10 «Б» сынып оқушысы Алазов Санжар.

Орыс тілді оқыту сыныптарында:

I орын 10 «А» сынып Курмангожина Дильназ

II орын 10 «А» сынып Ботажан Аружан

II орын 10 «Б» сынып Капарова Аделя

III орын 9 «А» сынып Абубакир Салтанат

III орын 9 «А» сынып Муслманбекова Аружан








И.Б Хамзина 2 «А» сынып оқушыларымен «Ахмет-тіл білімінің атасы» атты экскурсия сабағын 9 қыркүйек күні өткізді.

Қыркүйектің 12-і жұлдызында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай педагог филологтардың қатысуымен «Ұлы педагог» атты дөңгелек үстелді А.К Амирова, С.С Костанова, А.Е Курмангожина ұйымдастырды.



12- қыркүйек 5-6 сыныптар аралығында «**Әркімнің туған тілі-шеше, оған бала міндетті сан мың есе**» тақырыбында қабырға газеті байқауы өтті. Оқушылар белсене ат салысып, шығармашылық тұстарын көрсете алды. Қорытындысын мектеп директоры А.Д Такетов пен тәрбие ісінің меңгерушісі А.Е Абдильманова шығара келе I орынды 6 «А» сыныбына, II орынды 6 «Ә» сыныбына, III орынды 5 «Ө» сыныбына берді.




А.Б Тасенова, Б.К Катенова 13-қыркүйек күні 10-11-оқытылуы орыс тілді сыныптармен «**Ұлылықтың отын жаққан шырақшы**» атты әдеби кеш өткізді. Әдеби кештің мақсаты: жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Оқушылар іс шараға белсене қатысты. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан көріністер көрсетілді. Белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. Олар: Светлична А., Алазов С., Великов И., Химиченко Н, Мурзалиева А., Кулешова Т., Тимофеева А..





Тарих пәнінің мұғалімдері Қ. Ш Курмангожин, Б.А Рақымжан 10-11-сынып аралығында «Орта жүздің бас биі- Қаз дауысты Қазыбек би» тақырыбында көркем сөз сағатын өткізді.



Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пән мұғалімдері С.С Костанова, Ф.Ж Әміржан 14.09.22 күні 8 «А» және 8 «Ә» сынып оқушыларының қатысуымен «Өнегелі өмір» атты Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 125 жылдығына орай дөңгелек үстел өткізілді. **Дөңгелек үстелдің мақсаты:** Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай жазушының өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушы бойына жазушының шығармашылық жолын таныту, қазақ әдебиетінен алар орны мен сіңірген еңбегін бағалауға тәрбиелеу болып табылады.

Дөңгелек үстел белгілі жоспарға сүйеніп өткізілді. Оқушылар Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың өмірбаяны, отбасылық жағдайы, шығармашылығы жайында шағын презентация мен баяндамаларды қорғады. Екі сынып алдарына берілген планшет арқылы қызықты фактілер іздеп, ақпарат алмасып отырды. Оқушылар қойылған мақсатқа жетіп, жақсы әсер алып шықты.



2022 жылдың 15 қыркүйегінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдына орай 10 А және 11 А сыныптарының қатысуымен «Ұлт ұстазы» атты тақырыпта әдеби сағат ұйымдастырылды.

Әдеби сағаттың мақсаты: тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту; ақын, қоғам қайраткері, педагог-ұстаздың құнды мұраларын дәріптеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу болатын.

Әдеби сағаттың мазмұнды және танымдық сипатта болу мақсатында оқушылардың қатысуымен көріністер қойылып, тамаша ән мен күй орындалса, кей оқушылар ақынның төл туындыларынан үзінділер жаттап, көрермендер мен қатысушы мектеп ұстаздарына мәнерлеп нақышына келтіре оқып берді. Ұлтымыздың рухани көсемі саналатын Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы, ұлт үшін жасаған еңбектері жайлы таныстырылым жасалынды. Қатысушы оқушылардың әрқайсысы қолынан келетін іспен айналысып, іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне жауапкершілік танытты. Сахнаны безендіру, керекті АКТ құралдарын әзірлеу сияқты дайындық жұмыстары да оқушыларға жүктелді. Әдеби сағаттың арнайы шақырылған қонақтары мен қатысушы сыныптар назарына ұсынылған қойылым көпшілік көңілінен шықты. Кеш соңында «Еркін микрофон» беріліп, қатысушы оқушылардың жеке пікірлері мен ойталқыға алынған бірқатар сұрақтарға жауап берілді. Ұлттық және патриоттық сезімге тәрбиелейтін әдеби сағаттың көрермендерге де әсері мол болды. Әр сыныптан сөз алған оқушылардың біразы өз пікірлерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Тілдер апталығының салтанатты жабылуы саптүзеуінде мерекелік іс-шараға белсенділік танытқан бірқатар оқушылардың есімдері аталып, мадақтама табыс етілді.





«Бала тілі бал» онлайн мәнерлеп оқу видео байқауын бастауыш сынып мұғалімі М.Ж Касымова 15- қыркүйек 2-4 сынып аралығында жүргізді. Оқушылардың видеолары инстаграм желісіне салынып, дауыс жинау санына қарай орындар берілді.

Бас жүлде 2 "А" сынып оқушысы Қонысбек Іңкәр иеленді.

I орын 3 "Ә" сынып оқушысы Ахметбекова Назерке.

I орын 2 «Ә» сынып оқушысы Тишыбай Балауса.

II орын 3 «А» сынып оқушысы Дүйсемхан Аида.

III орын 4 «А» сынып оқушылары Өміржанқызы Назым, Кенжебай Айым.

III орын 4 «Ә» сынып оқушысы Ергазиева Аружан.

Қыркүйектің 15- жұлдызы А.М Бекенова, С,С Костанова 5-8-сынып арасында мәнерлеп оқу сайысын Ұлт ұстазы өлеңдерін дәріптеу мақсатында өткізді. Нәтижесінде:

Олжабек Мадина 8а сынып 1 орын, Хасенов Дияр 6а сынып 2 орын, 7 «В» сыныптан Кенжегалиева Аружан 2 орын, Сергеева Анастасия, 3 орын Павленко Илья 3 орын.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аясында өткізілген «Ұлы дала ұстазы» онкүндігінің жабылуына арналған саптүзеу 19.09.22ж өтті. Саптүзеудің мақсаты: Оқушылардың бойындағы тілге, Отанға деген патриоттық сезімді тәрбиелеу. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Онкүндіктің нәтижелерін шығару және оқушыларды марапаттау.

Саптүзеуге 1-11 сынып оқушылары қатысты. 6 сынып оқушылары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өлеңдер оқып, мектеп директоры Такетов А.Д. онкүндікке белсене қатысқан оқушыларды марапаттап, қорытынды шығарды.



ӘБ жетекшісі:

С.С Костанова